

ӘОЖ: 37.013.42

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТИҢ ОТБАСЫМЕН ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІ

Бекжігіт Н.Қ.

Nazym.bekzhigit@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультетінің
«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 2 курс магистранты,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Н.П. Албытова

Қазақстан Республикасында Білім мен Ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған бағдарламасында «Білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесінде отбасы құндылықтары мен отбасы институтының маңыздылығы дәріптелетін болады. Zhastar KZ жобасы шеңберінде «Ата-аналар мектебі», бастамасын іске асыру жалғасады, отбасылық тәрбие мәселелерінде психологтардың, сынып жетекшілерінің және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының біліктілігін арттыру енгізіледі. Білім беру ұйымдарында «Жастар мен жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығын және қауіпсіз мінез-құлқын қорғау», «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі», жобалары енгізілетін болады. «Менің болашақ отбасым» тақырыбында эссе жазу бойынша өңірлік конкурстары енгізіледі» деп белгіленген [1]. Яғни, отбасымен жұмыс жасау, бала тәрбиесімен айналысу, отбасын қолдау сияқты жұмыстар мемлекеттің өзекті мәселесі болып табылады.

Мемлекет осы бағытта отбасына моральдық, қаржылық қолдау көрсету, оның әрбір мүшесінің денсаулығын сақтау және нығайту, жастарды отбасын құруға дайындау, үлгілі отбасыларын насихаттау сияқты бірқатар жұмыстарды жоспарлап, олардың орындалуын бақылауға алып отыр. Мәселен, Қазақстан Республикасының тұңғыш президентінің 2013 жылғы 6 желтоқсаныдағы Өкімі бойынша республикада өтетін «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының мақсатын отбасы институтын, адамгершілікті нығайту, жауапты ерлі-зайыптылықтың маңызын тану, ата-ананың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру,

кәмелетке толған балаларының егде жастағы ата-аналарына қамқор болуын дәріптеу, қазақстандық отбасының жағымды имиджін насихаттау деп жариялау соның айғағы [2].

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының президенті Қ.К.Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдағы диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында отбасы және бала институтын қолдау, инклюзивті қоғам құру, отбасын қорғау жөнінде толыққанды бағдарлама әзірлеу керектігін мәлімдеді [3]. Ал мұны өз кезегінде әлеуметтік салада, әлеуметтік педагогикалық қызметте түбегейлі өзгерістер жасаудың алғы шарты деп атауымызға негіз болады. Өйткені, білім беру саласының негізгі қызметі отбасымен тығыз байланыста бола отырып, олардың бала тәрбиесіне педагогикалық қолдау көрсету, мәдени қарым-қатынасының орнауына жағдай жасау болып табылады.

Педагогика тарихында оның міндеттері мен тәрбиелік мүмкіндіктері, отбасылық құндылықтар, бала тәрбиесіндегі жауапкершілік жан – жақты қарастырырылып келеді.

XIX ғасырдың екінші жартысында отбасына, оның міндеттеріне деген тарихи көзқарастар толықтырыла түсті. Мысалы, 1877 жылы шыққан «Ежелгі қоғам» атты кітабында Л.Морган отбасының тарихын, оның некелі қарым-қатынасын, экономикалық, әлеуметтік дамуын және қызметін қарастырған.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Н.В.Шелгунов, Я.Ф.Лесгафт, Я.Ф.Каптерева, М.И.Демкова және т.б. ғалымдардың еңбектерінде отбасы тәрбиесінің теориясы педагогика ғылымының жеке бір саласы ретінде қарастырылды. Бұл ғалымдардың еңбектерінде отбасын баланың алғашқы табиғи ортасы, қоғамның бір бөлшегі ретінде зерттеу қажеттілігі анықталды [4].

Француз ағартушысы Ж.Ж.Руссо, швейцарлық И.Г.Песталоцци, орыс педагогтары К.Д.Ушинский, Н.К.Крупская, А.С.Макаренко, В.А.Сухомлинский, Л.Н.Толстой және басқа да ағартушы-педагогтар өз еңбектерінде отбасы және оның тәрбиелік мүмкіндіктерін анықтап, практикалық қолданысын ұсынған [5,5]. Бұл еңбектерде жеке тұлғаның белсенділігін басып тастау, табиғи дарындылығын ескермеу, ерте жастан шет тілін оқыту, ұрып – соғып жазалау сияқты отбасы тәрбиесіндегі бірқатар кемшіліктер сыналды. Педагогтар бала тәрбиесін жетілдіру, олардың сезімдерін аялай отырып, адамгершілік жүріс-тұрыс әдеттерін, өз бетімен әрекет ету, ойлау белсенділіктерін қалыптастыру туралы пікірлерді алға тартты. Мәселен, В.А.Сухомлинский оқушылардың ата – аналарымен жұмыс істеудің мазмұнына ерекше назар аударып: «Тек ата – аналармен бірге жалпы күш жігерді біріктіру арқасында мұғалімдер балаларға үлкен адамдық бақытты беруі мүмкін», - дейді [6,32].

Қазақ халқының отбасыларында бала тәрбиелеу дәстүрлері туралы ойлар Қорқыт, Әл-Фараби, Ж.Баласағұн, М.Қашқари, Қ.Яссауи еңбектерінен бастау алған. Сондай-ақ, қазақ ағартушылары Ш.Уалиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев және қазақ зиялылары Ш.Құдайбердиев, М.Жұмабаев, С.Көбеев, Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынов, М.Ауезов және т.б. еңбектерінде өзіндік орны бар тәрбие аспектісі ретінде танылды.

Әсіресе соңғы кезде ұлттық педагогика материалдарын отбасы тәрбиесі үрдісінде пайдалану мәселелерін Қ.Жарықбаев, Б.Айтмамбетова, К.Қожахметова, Н.Албытова, Р.Дүйсембінова, С.Қалиев, С.Ұзақбаева, Р.Төлеубекова, С.Ғаббасов, Қ.Бөлеев, Л.Ибраимова зерттеді. Отбасы тәрбиесін жетілдірудегі мектеппен байланыс жасау жұмыстары

Г.Байдельдинова, Н.Тригубова, И.Лысенко, Б.Мұқанова, А.Капенова, А.Шумебаева, Г.Сейдалиева, К.Құмаржанова, Ж.Торыбаеваның және т.б. зерттеген.

Отбасы тәрбиесін бүгінгі қоғамдық талаптарға сай психологиялық және әлеуметтік педагогикалық тұрғыда бірқатар ғалымдар зерттеп, оның тәрбиелік факторын арнайы қарастырған (Ю.Азаров, А.С.Абил, И.Гребенников, Н.Ф.Девыцин, В.В.Ивляев, С.С.Сейтенова, Л.В.Мардахаев және т.б.). Ғалымдар отбасын баланың дамуы мен жеке өмір сүру ортасы деп, жасөспірімдердің әлеуметтенудегі өте маңызды институты ретінде қарастырған [5;15-16].

Зерттеу жұмыстарында баланың ішкі дүниесін білу, оның өзіндік проблемаларына араласып, шешуге, қолдау көрсетуге, жалпы, тұлға болып қалыптасуына әсер ететін факторлар анықталды. Жоғарыда атап өткен ғалымдардың еңбектерінде олар былайша көрсетілген: (Кесте)

С. С. Сейтенова, А. С. Абил	Т. М. Афанасова	Л.В. Мардахаев
1. Әлеуметтік – мәдени 2. Әлеуметтік– экономикалық 3. Техника – гигиеналық 4. Демографиялық 5. Әлеуметтік психологиялық	1. Биологиялық 2. Әлеуметтік 3. Педагогикалық 4. 5. Психологиялық 6. Қоғамдық	1. Субмәдениетті 2. Ата – аналардың тәрбиелік мүмкіндіктеріне байланысты Ата – аналардың тікелей тәрбиелік қызметіне байланысты факторлар

Кестеден байқағанымыздай авторлар белгілеген факторлар бірін – бірі толықтырады және техно-генетикалық, әлеуметтік-мәдени, биологиялық, психологиялық, ата-ананың тәрбиелік мүмкіндіктері арқылы отбасы тәрбиесінің әлеуетінің кең екендігін дәлелдейді. Демек, әлеуметтік педагогикалық жұмыста ата-аналармен байланыс орнатудың маңыздығы арта түседі.

Ал, отбасымен жұмыс формалары ата-аналардың білімін көтеру, қалыптасқан жағдайға уақтылы талдау жүргізу және көмектесу, тәрбие аясында баламен қатар ата-аналардың да қажетті мінез-құлқын түзетуге қолдау көрсетуді жүзеге асыру сияты міндеттерге байланысты анықталады. Педагогикада ата-аналармен ұйымдастырылатын педагогикалық білім университеті, ата-аналар конференциясы, ата-аналар жиналысы, баланың отбасын барып көру, кеңес беру, лекция, мастер-класс, бос уақытты ұйымдастыру және т.б. жұмыс формалары кеңінен пайдаланылады.

Әлеуметтік педагогтың іс-әрекеті отбасымен жүргізілетін отбасындағы немесе тәлім-тәрбие мекемелеріндегі көмекке мұқтаж адамдармен жұмыс істеуге бағытталған. Және әлеуметтік педагог отбасымен жұмыс барысында «жеке тұлға-отбасы-қоғам» жүйесіндегі өзара қарым-қатынастарды реттеу қағидалары арқылы отбасы мен балаларға көмек көрсетуді қамтамасыз етеді.

Әлеуметтік педагог – әртүрлі әлеуметтік-мәдени орталардағы балалармен тәрбие жұмысын ұйымдастыратын маман; жеке тұлға мен оны қоршаған микроортаның психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін зерттейді, оқушылар мен тәрбиеленушілердің қызығушылықтары мен мұқтаждықтарын, мінез-құлқындағы ауытқушылықтарды, шиеленісті жағдайларды анықтайды және уақтылы көмек әрі қолдау көрсетеді, жеке тұлға мен білім беру мекемесінің, отбасының, ортаның, билік органдарының арасында делдал ретінде әрекет етеді;

оқушылардың құқықтары мен бостандықтарының жүзеге асуына, ыңғайлы және қауіпсіз жағдайды құруға, олардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етуге, жалпыға білім берудің орындалуына, салауатты өмір салтын насихаттауға көмектеседі; балалардың таланттарын дамыту үшін жағдайлар жасайды [5,56].

В.А.Сластенин әлеуметтік педагогқа қойылатын талаптарды: өзінің жұмыс нысаны болып табылатын тұлғаның жеке құндылығын, оның қайталанбас ерекшелігі мен шығармашылық мыңыздылығын түсіну; таңдалған мамандықты саналы түрде сезініп қабылдау; көптеген жүйкелік және психикалық шыңдардың болуын ескеру; өзімен тұрақты жұмыс істеуді талап ететін кәсіби қызметінің шығармашылық табиғатын ұғыну қажет деп көрсетеді [7,216].

С.С.Сейтенова, А.С.Абил әлеуметтік педагогтің ата-аналармен атқаратын жұмыс міндеттерін төмендегідей қарастырады:

1.Отбасымен жұмыс (бала мен ата-анасының қарым-қатынасын, отбасына көмек пен қолдау көрсету, отбасымен үздіксіз байланыста болу);

2.Оқушыларды, ата-аналарды сыныптық және қоғамдық ұжымдардың іс-шараларына тарту;

3. Әр оқушының жеке басының қасиетін, психологиялық ерекшелігін, жан-жақты бақылап, зерттеу, олардың кәсіптік бағдарлығын, әрі өмірлік көзқарасын қалыптастыру, қабілетін және танымдық қасиетін дамыту;

4. Тақырыптық ата-аналар жиналысын өткізу;

5. Ата-аналар комитетімен кездесу;

6.Оқушылардың құқықтарын және әлеуметтік жағдайын қорғауға көмек көрсету [5,120]

Демек, әлеуметтік педагог отбасындағы жағдайлар туралы толық мәлімет ала отырып, бала тәрбиесіне байланысты ата-аналармен ынтымақтаса, оларға кәсіби педагогикалық көмек көрсетеді. «Әлеуметтік педагог – оқушы – ата-ана» үштігінің тығыз байланыста болуы ұзақ мерзімді қажет ететін процесс. Ол үшін, отбасыны және оның отбасы тәрбиесіндегі ерекшеліктері мен жағдайын жан-жақты әрі жүйелі зерттеу қажет.

Әлеуметтік педагогтың ата-аналармен жұмыс барысында төмендегідей қағидалар ұсынылады:

– баланың өмірін ұйымдастыруда, оның тәрбиесіне қатысты мәселелерді шешуде ортақ көзқарастың болуы, баланың отбасы мен мектеп жағдайындағы дамуын және әлеументтенуін тиімді ұйымдастыру мақсатында тәрбиенің бірыңғай ұстанымдарын қою;

– баланың әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық даму жағдайын ескере отыра, тәрбиенің мақсаты және міндеттерін дұрыс анықтау, оларды жүзеге асыратын нақты жолдардың болуы;

– баланың жан – жақты үйлесімді дамуы үшін тәрбиелік ықпалды тиімді және нәтижелі ұйымдастыру;

– балаға мектеп пен мектептен тыс тәрбие мекемелерінің, ата – аналармен жұртшылықтың педагогикалық қолдануын ұйымдастыру;

– баланы әртүрлі ортада, әртүрлі жағдайда жан – жақты жақсы танып білу үшін балаға ықпал етудің жалпы тәсілі мен техникасын ойластыру, әртүрлі өмір жағдайында оның тұлғасына әсер етуде күш-жігерді біріктіру [2;121]. Яғни, әлеуметтік педагог осы қағидаларды басшылыққа ала отырып, ата – аналармен қарым-қатынасын бірлікте әрі нәтижелі ынтымақтастықта қол

жеткізеді. Өзара сенім мен құрмет, көмек пен қолдау, шыдамдылық көрсету – әлеуметтік педагогтің отбасымен жұмыс ерекшелігін танытады.

Қорыта келгенде, әлеуметтік педагогтердің отбасымен жұмысы көп ізденуді, арнайы зерттеуді қажет ететін күрделі де жауапты процесс. Өйткені, отбасы адам баласы тәрбиесі іске асатын, дүниетанымы мен адам болып қалыптасуы үшін қажетті ең жақын әлеуметтік орта. Отбасы тәрбиесі – мемлекеттік маңызды міндеттердің бірі болғандықтан ертеңгі қоғамның болашағына қырағылық қажет. Алдағы уақытта әлеуметтік педагогтың отбасымен атқаратын жұмыстары, оның ішінде отбасымен әлеуметтік – мәдени жұмыс формалары мен мазмұнын жан-жақты жетілдіру міндеттері қойылады. Себебі, әлеуметтік – мәдени жұмыс көркемдік, рухани, адамгершілік, саяси және экологиялық мәдениет саласындағы дәстүрлерді, нормаларды, құндылықтарды сақтауды, дамытуды қамтиды. Сондықтан әлеуметтік педагогтің қызмет шеңберінде заманауи қарым – қатынасқа негізделген «Салауатты өмір салты және отбасылық дәстүрлер», «Отбасы мәдениетіндегі сабақтастық», «Отбасы салт-дәстүрлерін жаңғырту», «Отбасы құндылықтары» сияқты жұмыс мазмұны «субъект-субъект» қатынасында орын алуы тиіс деп санаймыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасында Білім мен Ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған бағдарламасы 145 б
2. Қазақстан Республикасы Президентінің «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы. 2013 ж.
3. «Мемлекет басшысының 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы
4. Сәрсенова Ж., Тәңірбергенова Г. Әлеуметтану. –Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 2000.
5. Сейтенова С. С., Абил А. С. Отбасымен әлеуметтік педагогикалық жұмыс. – Ақтөбе: Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің «Жұбанов университеті» баспасы, 2017
6. Сухомлинский В. А. Сердце отдаю детям. – Концептуал, 2018 .-313с
7. В.А.Сластенин, И.Ф.Исаев, Е.Н.Шиянов; Под ред. В.А.Сластенина. Педагогика: Учеб.пособие для студ.высш.пед.учеб.заведений. – М: Издательский центр «Академия», 2002.-576 с.